

Француз Республикасы Сыртқы барлау басқармасының делегациясы мүшелерінің қонақ үйде тұруына ақы төлеу үшін қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 318-ө
Өкімі

Терроризмге, сондай-ақ заңсыз көші-қонға қарсы күрес саласындағы екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылау мақсатында Француз Республикасының Сыртқы барлау басқармасы делегациясының сапарына байланысты:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне Француз Республикасы Сыртқы барлау басқармасының делегациясы мүшелерінің 2004 жылғы 22-24 қазан кезеңінде Астана қаласында қонақ үйде тұруына ақы төлеу үшін 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 359660 (үш жүз елу тоғыз мың алты жүз алпыс) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр